

**Педагогикалық кеңес
№ 2 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 29.11.2023ж

Қатысқандар:17

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыптық

**Тақырыбы: «Көрнекі модельдеу-мектеп жасына дейінгі баланың
үйлесімді сөйлеуін дамыту құралы»
Өтілу түрі: Іскерлік ойын**

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы (Директор Оспанова А.С)
 2. «Мнемотехника әдісі» шебер-сынып (тәрбиеші Советханова А)
 3. «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есеп беру (педагог-хореограф Колбина К.В)
 4. «Өзара әдіс алмасу тиімділігі» презентация (Әдіскер Қаршығаева М.Б)
 5. Тақырыптық бақылау: «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» (Әдіскер Қаршығаева М.Б)
 6. Ағымдағы мәселелер
- Келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру. (тәрбиеші-педагогтар)

I- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша директоры Оспанова А.С. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама «Білім туралы» ҚР Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14 бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттарын бекіту туралы» ҚР оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленді.

ҚР оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қолданысқа беріліп жұмыстарды жүйелі жүргізіп келеміз. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістік ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі

ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер қолданылды.

«Бөбек» балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеттерін жүктемеге сай ойын арқылы кіріктірілген түрінде ұйымдастырылуда және балаларды ұлттық рухта тәрбиелеп қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырып, білімдерін арттырып келеміз.

Циклограмма жүйелі түрде жүргізіліп, оқу-тәрбие үдерісі орындалып келеді. Аттестациядан өту құжаттары толықтай дайындалып, балабақша сайтына жүктелді.

II- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

«Мнемотехника әдісі» шебер-сыныпты «Адырна» ересек тобының тәрбиешісі Советханова Альбина көрсетті. Ол арнайы слайд арқылы теориялық тұрғыдан таныстырып болып, практикалық бөлмеге өтті. Практикалық бөлімде әртүрлі жастағы балалардың жас ерекшелігіне қарай ертегілерде мнемотехника әдісін қолданды. Тәрбиеші-педагогтар үшін қызықты шебер -сынып болды. Директор Оспанова А.С тәрбиеші Советханова Альбинаға алдағы уақытта тәжірибесін арттырып, әріптестермен бөлісуін ұсынды.

III- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Келесі мәселе бойынша «Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту» шығармашылық есепті педагог-хореограф Колбина К.В берді. 2023-2024 оқу жылының басынан бастап, жоспарға және кестеге сәйкес ҰОҚ жүргізілді. 1-қыркүйек Білім күніне, 25-қазан Республика күніне «Толағай», «Адырна», «Лашын», «Гномики» тобында арнайы би қойылымдары қойылды. Жыл басында қарапайым қимылдарды қиындықпен орындайтын балалардың физикалық дамуында едәуір оң өзгерістер бар. Би қойылымдары балалардың жас ерекшелігіне, іс-шараның мақсатына қарай қойылды. Қазіргі таңда «Лашын», «Гномики» тобының тәрбиеленушілерін 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай өтетін Республикалық конкурсқа дайындап жатырмын.

IV- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Келесі мәселе бойынша әдіскер Қаршығаева М.Б сөз алды. «Өзара әдіс алмасу тиімділігі» тақырыбында презентация жасап, таныстырды. Презентация

арқылы әдіс-тәсілдер туралы түсінік беріп шықты. Әдіс-тәсілдердің түрлеру туралы тоқталып, тақырыпты ашты. Әдіскер тәрбиеші-педагогтардан оқыту – тәрбиелеу процесінде ең көп қолданатын әдіс-тәсілдері туралы сұрады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Сұрақта бірінші жауап берген тәрбиеші Қайсанова Ануза болды. Ол оқыту-тәрбиелеу процесінде әңгімелесу, сұрақ-жауап әдістерін қолданатынын айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Келесі жауап берген тәрбиеші Аманжол Аққу көбінесе ойын әдісін, әңгімелесу әдістерін қолданатынын айтты.

V- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Қаршығаева М.Б сөз алды. Тақырыптық бақылау: «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау»

2023 жылы 1 қарашадан 25 қараша аралығында топтарда «Педагогтардың кәсіби шеберлігін бақылау» тақырыбында тақырыптық бақылау жүргізілді.

Ортаңғы «Толағай» тобы

Тәрбиеші: Қайсанова А

Күні: 10.11.2023Ж

ҰОҚ: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Үй құстары»

Мақсаты: Үй құстарын бір-бірінен ажырата алуға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

Педагогтың оң нәтижесі: Іс-әрекетті ойын түрінде ұйымдастыра білді. Үй құстары жайлы түсінік қалыптастыра білді. Тосын сый ұйымдастырды. Дидактикалық ойын және сергіту сәті ұйымдастырылды.

Педагогтың кемшілігі: Дидактикалық ойында балаларға тапсырманың үлгісі болмады.

Ересек «Адырна» тобы

Тәрбиеші: Советханова А

Күні: 13.11.2023Ж

ҰОҚ: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары жайлы түсініктерін қалыптастырып, төлдерін ажырата білуге үйрету.

Педагогтың оң нәтижесі: ҰОҚ шаттық шеңберінде «Қошақаным» әнімен бастап, саяхатқа шықты. Тәрбиеші балаларға жануарлардың дауысын тыңдатып, дыбыстарды ажырат үшін сұрақ-жауап, ақпараттық

технологияларды қолдана алды. Жабыстырғыш арқылы жасалған көрнекі құралдар арқылы «Төлдерін тап» ойынын ойнатты. Көрнекіліктер балалардың жас ерекшелігіне сай жасалынған. Тақырыпта толықтай ашып, қорытындылады.

Педагогтың кемшілігі: Көрнекіліктерді алдын-ала тақтаға іліп, балалардың назарын бөліп жіберді. Мнемo технологиясын тақырыбында көрсеткен шебер-сыныпты қолданбады. Балалардың сөзiк қорын көбейту үшін көп жұмыс атқару керек.

Ересек «Гномики» тобы

Тәрбиеші: Байболова А.А

Күні: 15.11.2023Ж

ҰОҚ: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Бағдаршам»

Мақсаты: Бағдаршамның атқаратын қызметімен, түстерін таныстыру. Бірлікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Педагогтың оң нәтижесі: ҰОҚ шаттық шеңберін ойын түрінде бастады. Тосын сый ұйымдастырылды. Балаларға бағдаршам туралы түсінік берілді. Көрнекіліктер балалардың жас ерекшелігіне сай жасалынған.

Педагогтың кемшілігі: Дидактикалық ойын «Балабақшаға апаратын жол» түсініксіз болды. Ойын толықтай ашылмады.

Мектепалды даярлық «Лашын» тобы

Тәрбиеші: Қуйкалакова Ж.К

Күні: 16.11.2023Ж

ҰОҚ: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың «Отбасы» тақырыбында білімдерін кеңейту, отбасында кімдер тұратынын отбасымен түскен суреттер бойынша сөйлемдер құрап, айтуға машықтандыру, отбасы мүшелерінің өзара сыйластықты, құрметтеуді қалыптастыру.

Педагогтың оң нәтижесі: ҰОҚ барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ұлттық ойындарды, атап айтсақ, «Тоқылдақ» ойындарын ойнатты. Отбасы құндылықтарын, әрбір жанның отбасындағы рөлі туралы түсінік берді.

Педагогтың кемшілігі: Көрнекіліктерді алдын-ала тақтаға іліп, балалардың назарын бөліп жіберді. Ақпараттық технологияларды қолдану керек еді.

VI- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Ағымдағы мәселелер бойынша әдіскер Қаршығаева М.Б тәрбиеші-педагогтарға келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыруды жүктеді. Барлық педагогтардың қатысуын қамтамасыз етуді ұсынды.

ШЕШІМ:

1. Мнемотехника әдісі және баланың дамуына пайдасы зор ойын әдістерін күнделікті іс-тәжірибеде қолданылсын. Жыл бойына.
2. Балалардың физикалық қасиеттерін дамыту шаралары жүргізілсін. Жыл бойына.
3. Жылдық міндеттемеге жету жолында әр тәрбиеші- педагогтар өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай жүргізісін.
4. Келесі педкеңеске тапсырма: өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: *Оспанова* Оспанова А.С
Хатшы: *Советханова* Советханова.А.Е